

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

ӘОЖ 372.855

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ ЕСІМІ

**Қуаныш Аида Русланқызы**

*ruslanovna04@inbox.ru*

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылым жетекшісі – А. Е. Аяпбекова

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы өзінің атақты тұлғаларымен танымал. Бұл өлке үшін басты тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) – көрнекті қазақ және кеңес ғалым-геологы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының негізін қалаушы және тұңғыш Президенті, Қазақстанның ғылыми геологиясының негізін қалаушылардың бірі яғни, марганец және мыс-кен кен орындарын ашқан атақты ғалым [1]. Қаныш Сәтбаевтың жер қыртысның құрылымын, кен орындарын, геологиялық процестердің ерекшеліктерін зерттеу жөніндегі еңбектері, Қазақстанның бүгінгі геология ғылымы әлеуетінің негізгі кілті болды. Қаныш Имантайұлы өмір бойы республикада геологиялық қызметті дамытуға ерекше көңіл бөлді. Сондықтан 1963 жылы елдің жер қойнауын геологиялық зерттеу мен ашудағы жетістіктері үшін Үкімет марапаттаған адамдардың қатарында Қаныш Имантайұлы да Ленин ордені болғаны кездейсоқ емес [2].

Қаныш Сәтбаевты еске алу ғылыми ортада және көпшілік арасында Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің тамаша ғалымы және ғылыми ойының көрнекті өкілі ретінде құрметке ие. Оның ғылыми мұрасы ғалымдар мен зерттеушілерді геологиядағы жаңа жаңалықтар мен жетістіктерге шабыттандырады және ынталандырады. Қазақ халқының тарихында айрықша орын алатын ұлы ақын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Республикада:

Кесте 1 Қазақстан экономикалық аудандары бойынша Қ. И. Сәтбаев есімі аталуы

Экономикалық аудандар	Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі:
Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы	Елді мекен атауы: Павлодар облысында Өзі туып-өскен Сәтбаев ауылы орналасқан. Гидронимдер: Ертіс-Қарағанды каналы Білім алу орындары: Екібастұз инженерлік-техникалық институты Годогимдер: Астана, Көкшетау, Петропавл, Павлодар және Екібастұз қалаларында Сәтбаев көшесі шоғырланған. Тағы басқалары: Павлодар облысында Қ. И. Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы орналасқан
Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы	Елді-мекен: Түркістан қаласында орналасқан Сәтбаев ауылы. Оронимдер: Тау айналма құрылымы-Сәтбаевтың үлкен сақинасы. Гидронимдер: Жоңғар Алатауы жотасының солтүстік беткейіндегі Сәтбаев мұздығы. Білім алу орындары: Алматы қаласында орналасқан Геологиялық ғылымдар институты (ГИН) және Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Годонимдер: Алматы, Қызылорда, Тараз және Түркістан Сәтбаев көшесі шоғырланған. Тағы басқалары: Алматы қаласында Қаратау жотасында табылған Сәтбаевит минералы. Алматы қаласында орналасқан Ғалымдар

	үйіндегі Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы. 1969 жылы Алматыда Қ. и. Сәтбаевтың үйіне мемориалдық тақта орнатылды.
Орталық Қазақстан экономикалық ауданы	Елді-мекен: 1973 жылы құрылған Ұлытау облысындағы Сәтбаев қаласы. Қарағанды облысында орналасқан Сәтбаев ауылы. Гидронимдер: Ертіс-Қарағанды каналы Годонимдер: Жезқазған және Қарағанды қалаларында Сәтбаев көшесі шоғырланған. Тағы басқалары: 1969 жылы Қарағанды облысы "Қ. И. Сәтбаевтың үй-мұражайы" құрылды.
Батыс Қазақстан экономикалық ауданы	Годонимдер: Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Орал қалаларында Сәтбаев көшесі шоғырланған.
Шығыс Қазақстан экономикалық ауданы	Елді-мекен: Абай облысында орналасқан Сәтбаев ауылы. Годонимдер: Өскемен қаласында шоғырланған Сәтбаев даңғылы және Семей қаласында Сәтбаев көшесі шоғырланған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев құрметіне:

1979 жылы 31 шілдесінде ашқан Кеңес Одағының астрономы ашқан 2402 астероиды, қазіргі уақытта қазақ ғалым-геологы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімімен аталады.

Ботаника саласында аталған Сәтбаев есімі:

Өсімдіктің жаңа түрі – Сәтбаевтың қарлығашы.

Гладиолустың жаңа түрі – Академик Сәтбаев.

Сиреньдің жаңа түрі – Академик Қ. И. Сәтбаев



Қ.и. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі номиналы 20 теңгелік естелік монета шығарды.









1999 жылы Қазақстанда ғалымның 100 жылдық мерейтойына екі марка шығарылды.

1999 жыл ЮНЕСКО шешімімен академик Қ. И. Сәтбаев жылы болып жарияланды.

Павлодар мемлекеттік университетінде 2001 жылдан бастап "Сәтбаев оқулары" Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізіліп келеді.

Кесте 2 Елімізде орнатылған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мүсіндері. Ескерту – кесте [3] деректер негізінде автормен құрастырылған.

Мүсін нысандары	Нысандарға сипаттама	Мүсін нысандары	Нысандарға сипаттама
	2000 жылы Атырау қаласында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мүсіні салынды.		100-жыл мерейтойына 1999 жылы Алматы қаласында Қ.И. Сәтбаевқа мүсін орнатты.

	<p>2011 жылы 21 қазанда Қарағандыда қазақтың белгілі ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевқа мүсін орнатылды.</p>		<p>2009 жылдың 12 сәуірінде Қаныш Сәтбаевтың 110-жыл мерейтойына қарай Баянауыл ауданында мүсін орнатылды.</p>
	<p>2011 жылы Павлодар қаласында академик Қаныш Сәтбаевқа орнатылған мүсін оның туған күні – 12-сәуірде салтанатты жағдайда ашылды.</p>		<p>Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мүсіні 90-шы жылдардың соңында Жезқазған қаласында Металлургов алаңында салынды.</p>
	<p>Екібастұзда Сәтбаев атындағы инженерлік-техникалық институтының алдындағы алаңда Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевқа мүсін ашылды.</p>		<p>2017 жылы Қазақ геологы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа Степногорск қаласында мүсін салынды.</p>
	<p>Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мүсіні – 2009 жылы 6 шілде айында Ақсу қаласында ашылды.</p>		<p>2021 жылы өз атымен аталған Сәтбаев көшесінде салтанатты түрде мүсіні орнатылды.</p>

Әйгілі ғалым және қоғам қайреткері, академик, профессор Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі қазіргі күнде бүкіл әлемге белгілі:

Томск қаласы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірінде үлкен маңызға ие болды, өйткені мұнда ұлы қазақ ғалымының геология ғылымына алғашқы жолы басталды, мұнда ол жоғары деңгейде арнайы білім алды және Томскіде өткізген жылдар оның барлық басқа кәсіби және ғылыми қызметі үшін негіз болды. Осылайша, біз Томскіде оқыған жылдар Қ. И. Сәтбаев үшін өте жемісті болды. Өйткені, Томск сол кезде Ресейдің Санкт-Петербургтен кейінгі екінші геологиялық орталығы болып саналды. Сонымен қатар, 2008 жылы Томскіде геологтар аллеясында оның ұстазы М. Усовтан кейін екінші болып Қ. Сәтбаевтың бюсті орнатылды. [4]

Қазіргі уақытта Қаныш Сәтбаев Қазақстанның геология ғылымы тарихындағы басты тұлғалардың бірі болып қала береді. Оның ғылыми зерттеулері мен жаңалықтары елдің геологиясын одан әрі зерттеу үшін негіз болып қала береді. Алматыдағы Геологиялық институттың Сәтбаев қаласы мен Қаныш Сәтбаев қаласының атауы оның ғылым алдындағы сіңірген еңбегін құрметтеу және мойындау туралы куәландырады.

Қаныш Сәтбаевтың жетістіктері мен ғылыми мұрасы бүгінгі күні де өзекті, өйткені геологиялық зерттеулер экономиканы дамытуда, табиғи ресурстарды игеруде және қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқарады. Оның қосқан үлесі Қазақстанның геологиялық құрылымын түсінуге және геологиялық деректер негізінде елдің даму стратегиясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, Қаныш Сәтбаевтың маңыздылығы қазіргі уақытта ғылыми қоғамдастық үшін де, Қазақстанның Ұлттық геологиялық саласы үшін де жоғары болып қала береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Е. Г. Язиков. САТПАЕВ К.И.: ПУТЬ ОТ ВЫПУСКНИКА ПОЛИТЕХНИЧЕСКОГО ДО АКАДЕМИКА // ПРОБЛЕМЫ ГЕОЛОГИИ И ОСВОЕНИЯ НЕДР. – 2019. – С. 22-24. URL: [https://earchive.tpu.ru/bitstream/11683/56086/1/conference\\_tpu-2019-C11\\_V1\\_p22-24.pdf](https://earchive.tpu.ru/bitstream/11683/56086/1/conference_tpu-2019-C11_V1_p22-24.pdf)

2. Г. М. Альжанова. Мемориальный музей Каныша Сатпаева как «место памяти» // Этнография, устная история и музееведение. URL: [https://web.archive.org/web/20201215004509id\\_/http://oralhistory.altspu.ru/polevie/files/sbornik/14-117.pdf](https://web.archive.org/web/20201215004509id_/http://oralhistory.altspu.ru/polevie/files/sbornik/14-117.pdf)

3. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті. URL: <https://satpaev.tou.edu.kz/>

4. Е. К. Рахимов. КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ И ГОРОД ТОМСК // История и археология. – 2005. – С. 243-248. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kanysh-imantaevich-satpaev-i-gorod-tomsk/viewer>

### ӘОЖ 911.3

#### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ҚОРҒАЛЖЫН АУДАНЫНЫҢ ТАБИҒИ ШАРУАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ

Құттымұратова Аяулым Қанатбекқызы  
*ayaulymkanatbekovna@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің, география ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жектекшісі- Аяпбекова А.Е.

Аймақтың экономикалық дамуы айтарлықтай дәрежеде табиғи шаруашылық әлеуетке байланысты. Әрбір аудан елдің экономикалық кеңістігі шеңберінде өзіндік мамандануға ие. Ол өзінің аумағында шаруашылық өнімімен өз қажеттіліктерін ғана емес, сондай-ақ елдің басқа аймақтарының сұраныстарын қанағаттандыратын өндірістердің нақты түрлерінің шоғырлануын білдіреді.

Зерттелініп отырған ауданмыз солтүстігінде Егіндікөл, Астрахан, шығысында Целиноград ауданымен, оңтүстігінде Қарағанды облысының Нұра ауданымен шектесетін 1928 жылы құрылған Қорғалжын ауданы (сурет 1). 18 елді мекен 8 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Ірі елді мекендері Арықты, Сабынды, Жантеке, Қорғалжын.